

20 14 ЖЫЛЫ

«ҚР ЖАФ» ҚБ Атқару комитетінің шешімімен
«Бекітілген»



Жаттықтырушылар кеңесі жөніндегі ЕРЕЖЕ

1. Жалпы ережелер

1.1. Жаттықтырушылар кеңесі (бұдан әрі Кеңес) Қазақстан Республикасының Жеңіл атлетика федерациясының кеңесші органы болып табылады, жеңіл атлетиканы дамытудағы ҚР жаттықтырушылары мен спорт мамандарының қызметін үйлестіру және күш жігерін біріктіру мақсатында, ҚО ЖАФ құрама командасын және оның оқу-жаттығу процесін қалыптастыру мақсатында, Қазақстан республикасының территориясында өтетін жарыстарға спортшылардың қатысуы үшін нормативтерді бекіту мақсатында, спорт саласындағы мамандардың біліктілігін арттыру және аттестаттаумен байланысты Ғылыми-техникалық орталықтың бағдарламаларын әзірлеу және іске асыруға қатысу мақсатында және ҚР ЖАФ Регламенттері мен Ережелеріне сәйкес өзге де функцияларды үйлестіру мақсатында құрылады.

1.2. Кеңес қоғамдық негіздерде әрекет етеді.

1.3. Кеңес өзінің қызметін ҚР ЖАФ Жарғысына, Регламенттеріне және Ережелеріне, Қазақстан Республикасының «Дене шынықтыру және спорт туралы» Заңына, Жаттықтырушылар мен спорт төрешілерін аттестаттау тәртібіне, ҚР ЖАФ Атқару комитетінің шешімдеріне, сонымен қатар басқа да нормативтік-құқықтық актілерге сәйкес жүзеге асырады.

1.4. Кеңес шешімдер қабылдау мәселесінде тәуелсіздікке ие.

1.5. Кеңес осы Ережемен қалыптасқан тәртіпте өзінің құзіретіндегі мәселелер бойынша Кеңес отырысының хаттамасымен рәсімделетін шешімдерді қабылдайды.

1.6. Кеңес қызметін құқықтық, ұйымдастырушылық, ақпараттық, қаржылық, материалды-техникалық қамтамасыз етуді ҚР ЖАФ жүзеге асырады.

2. Кеңестің мақсаты мен қызметтері

2.1. Кеңестің мақсаты мен қызметтері:

2.1.1. құрама командаларды, спорттық резервтерді дайындауды ұйымдық-әдістемелік қамтамасыз ету;

2.1.2. Ғылыми-техникалық орталықпен бірлесе отырып жаттықтырушыларды даярлау және біліктілігін арттыру жүйесін ұйымдастыру;

2.1.3. жарыстарды өткізу жөніндегі комитетпен бірлесе отырып жарыстардың күнтізбелік жоспарын дайындайды және Атқару комитетіне бекітуге ұсынады;

2.1.4. жарыстардың жаңа форматтары туралы ұсыныстарды дайындайды және ҚР ЖАФ Атқару комитетінің қарауына ұсынады;

2.1.5. республикалық және халықаралық жарыстарға қатысу үшін ҚР ЖАФ құрама командаларын дайындауды және қалыптастыруды талқылайды және ұсыныстар жасайды;

2.1.6. құрама команданың жарысқа қатысу қорытындысын талдайды, жаттықтырушылардың есептерін тыңдайды және спорттық дайындықты жетілдіру бойынша ұсыныстар әзірлейді;

2.1.7. ынталандыру және марапаттау үшін спортшылар мен жаттықтырушылардың кандидатураларын, стипендия тағайындау үшін спортшылардың кандидатурасын қарастырады және ұсынады;

2.1.8. жаттықтырушылардың біліктілігін арттырумен байланысты Ғылыми-техникалық орталықтың бағдарламаларын әзірлеуге және іске асыруға қатысады;

2.1.9. құзіретіне қатысты өзге де мәселелерді талқылайды.

3. Құқықтары мен міндеттері:

3.1. Кеңес мүшелері құқылы:

3.1.1. отырыстың күн тәртібіне ұсыныстар енгізуге;

3.1.2. Кеңестің құзіретіне жататын мәселелер бойынша шешімдер қабылдауға;

3.1.3. ҚР ЖАФ Ережелеріне сәйкес ҚР территориясында өтетін барлық жарыстардың Ұйымдастыру комитетіне Кеңес мүшелері қатарынан мамандарды тағайындауға.

3.2. Кеңес мүшелері міндетті:

3.2.1. Кеңестің отырыстарына қатысуға. Кеңес мүшелерінің отырысына дәлелді себептерсіз екі реттен көп қатыспаған жағдайда Төраға қатыспаған мүшенің өкілеттігін тоқтату туралы мәселені қоюға құқылы;

3.2.2. Кеңестің құзіретіне қатысты мәселелер бойынша шешімдерді объективті қабылдауға;

3.2.3. Кеңес мүшелерінің, жаттықтырушылардың, спортшылар мен спорт мамандарының абыройы мен адамгершілігін құрметтеуге;

3.2.4. Кеңестің өкілдерін Тәртіптік регламентке сәйкес спортшылар мен командаларды дисквалификациялау туралы күшіне енбеген шешімдерді қайта қарастыру үшін Апелляциялық комитетке тағайындауға;

3.2.5. Комитет өкілдерін Тәртіптік регламентке сәйкес дисквалификациялау мерзімін өзгерту бойынша мәселелерді қарастыру үшін Апелляциялық комитетке тағайындауға;

3.2.6. ҚР ЖАФ Регламенттері мен Ережелеріне сәйкес Кеңестің құзіретіне жататын өзге де құқықтар мен міндеттерге ие.

4. Кеңестің қызметін ұйымдастыру

4.1. Кеңесті Кеңеске жүктелген міндеттердің орындалуына және қызметтердің жүзеге асырылуына дербес жауапкершілікті артатын Төраға басқарады.

4.2. Кеңестің Төрағасы ҚР ЖАФ Бас жаттықтырушысы болып табылады.

4.3. Төрағаның орынбасары лауазымына ҚР ЖАФ спорт директоры тағайындалады.

4.4. Кеңестің құрамына ҚР ЖАФ мүшелерінің спорт ұйымдарының ұсынымдарын есепке ала отырып білікті жаттықтырушылары мен мамандары, ҚР ЖАФ қолданыстағы Комитеттері мен бөліністерінің мүшелері кіреді.

4.5. Кеңестің сандық және персоналдық құрамы 1 жыл мерзімге ҚР ЖАФ Бас хатшысының келісімі бойынша Кеңестің Төрағасымен бекітіледі.

4.6. Кеңестің отырысы қажеттілігіне қарай жылына кем дегенде 3 рет Кеңес Төрағасының бастамасы бойынша жүргізіледі.

4.7. Кеңес мүшелері отырысының мерзімі, өтетін орны және күн тәртібі туралы Төраға өтетін күнге 5 күн қалғанға дейін хабарлайды.

4.7.1. Отырысқа қатысқан Кеңес мүшелерінің көпшілік дауысы негізінде шешім қабылдайды. Дауыс тең болған жағдайда төрағалық етушінің дауысы шешуші болып табылады.

4.8. Күн тәртібіне өзгертулер Кеңес мүшелерінің ұсынысы бойынша қатысушылардың 50% келісімімен енгізіле алады.

4.9. Кеңестің шешімдері Кеңестің хатшысымен жүргізілетін хаттамамен рәсімделеді және Төраға мен хатшымен қол қойылады.

4.10. Кеңестің хаттамасы отырыс өткеннен кейін 3 жұмыс күннен кешіктірмей Атқару комитетіне беріледі.

4.11. Қарастырылған құжаттар қоса тіркелген Кеңес хаттамаларын сақтау Кеңес Төрағасымен қамтамасыз етіледі.

5. Қорытынды ережелер

5.1. Осы Ереже ҚР ЖАФ Атқару комитетімен бекітілген сәттен бастап күшіне енеді.

Астана қ., 2017 жыл